

Ауыл тарихы-ел тарихы

1966 жылғы 4 наурыз күні Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес Орал облысы Фурманов ауданына қарасты «Ақкөл», «Жұлдыз» совхоздарының ізінен жаңадан «Қараөзен» совхозы құрылды. Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрі М.Рогинец жолдастың 1966 жылғы 15 наурыз күнгі №151-К бұйрығымен бұған дейін «Ақкөл» совхозының бас зоотехнигі болған Айсағали Әбиев жаңадан ұйымдасқан «Қараөзен» совхозының директоры болып тағайындалды. Жаңа совхоздың алғашқы ұйымдастыру жиналысы 1966 жылғы 26 наурыз күні Серік ауылдық клубында өткізіліп, сол жерде шаруашылық активтері сайланды. Жиынға аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Кенжебек Меңдәлиев, аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы Салық Есентаев, аупартком хатшылары Мақсот Батыров пен Оразай Ғабдушев, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Қалдыбек Сәбденов «Ақкөл» совхозының директоры Зейнолла Өксікбаев, «Жұлдыз» совхозының директоры Сисенбай Мұқантаев, партком хатшылары Сәрсенғали Тұяқов пен Әнуарбек Тілешов және басқада жауапты азаматтар қатынасты. Жаңа совхозға «Ақкөл» совхозынан «Николай аула», «Серік» бөлімшелері, «Жұлдыз» совхозынан «Жас» бөлімшесі бөлініп берілді. Серікте өткен алғашқы жиында аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Ғаббас Валиев «Қараөзен» совхозының партком хатшысы болып, «Ақкөл» совхозының бас агроном-экономисі Сағынғали Мұқанов жаңа совхоздың кәсіподақ комитетінің төрағасы болып, ал «Ақкөл» совхозында бөлімше бухгалтері болған Шафхат Жұмаев селолық кеңес төрағалығына сайланды. Фурманов орта мектебінің 1965 жылғы түлегі Болат Бекешев комсомол комитетінің хатшысы болып бекітілді. Совхоз орталығы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Кенжебек Меңдәлиевтің ұйғарымымен сол сәттегі аудан орталығы Фурманов селосынан (қазіргі Жалпақтал) шығысқа қарай 3 шақырым жердегі «Құлақ» елді мекеніне орналастырылды. Совхоз әкімшілігінің кеңсесі уақытша аудан орталығындағы №805 Фурманов аудандық жылжымалы құрлыс коллонасы мекемесінің кеңсесіне орналастырылды. Жаңа совхозға үш ферманың есебінен 120 мың 310 гектар жер, берілсе, соның 20789 гектары шабындық, 1679 гектары егістік, 97048 гектары мал жайылымы жерлері. 1966 жылы шаруашылық есебінде 2746 бас ірі қара, (соның 721-і аналық) 32810 бас қой, (соның 18110 басы саулық отарлар) 433 жылқы, 31 түйе, 40 трактор бөлініп берілсе, соның 1С-100, 8 ДТ-54, 2 ДТ-75, 32 Беларусь тракторлары, 1 дән оратын, 3 сүрлем жинайтын комбайндар болды. Совхоз 1966-70 жылдар аралығындағы 8-ші

бесжылдықтың алғашқы жылын 200 мың сом таза пайдамен аяқтады. Совхоз орталығынан өзен бойынан жаңадан тұрғын үйлер, бастауыш мектеп пен клуб, медпункт салынып бітіп пайдалануға берілді. Бастауыш мектепке 35-40 қа тарта ауыл балалары тартылып, оларға алғашқы мұғалімдер Дариға Жазбаева мен Мәрзия Бекмурзина сабақ берді. 1959 жылы өмірге келген перзенттер 1966 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттады. Олар: Тоғжан Оразов, Алтынай Сатыбаева, Жұпар Құлбаева және бұлардан өзге тағы да басқа қазіргі таңда аға-буын жасына жеткен аға-апаларымыз бар.

Совхоз құрылған сәтте Қадыр Сапаров совхоз директордың орынбасары, Сағын Камалов бас бухгалтер, Зейін Шарипов бас агроном, Ғайниден Зарипов бас инженер, Мұқамбетқали Аймағамбетов бас зоотехник, Пішенбай Айдынов бас прораб, Қабдол Мұбарақов бас мал дәрігері, Болат Хайруллин бас экономист Хамит Жаданов құрлыс бөлімінің бухгалтері, Бақтығали Мелеков пен Атауолла Дәулетияров бухгалтер болып, Мұқи Хайретдинов, Мұстақап Стамғазиев, Құбай Қабиев, Жәлел Тапалов сынды азаматтар ферма меңгерушілері болып айбынды еңбек етті. Жаңадан ұйымдасып жатқан шаруашылықтың басшыларына Социалистік Еңбек Ері Алғазы Есниязов, Ораз Бекешев, Құлбай Байжанов, Сахан Бердәлиев, Жұмабай Сүндетқалиев, Кәкіш Сатыбаев, Қапсан Бексейітов, Төлеуғали Күпсебаев сынды осы өңірде көптен бері тұратын ауыл-елдің табиғатын жетік білетін қазыналы қарттар өз ақыл-кеңестерін бере білді. 1967 жылы өзенге су келмей, жауын-шашын мөлшердегіден аз түсіп, жыл қуаңшылықты болды. Соған байланысты совхоз 30 мың бас саулық қойларын «Жаңаталап», «Мәстексай» совхоздарының жерлеріндегі құмға апарып қыстатты. Совхозда ірі-қара мен тоқты малына жететін ғана пішен болды. Совхоз шопандары сол қыста Жаңақала жерінде қажырлы еңбек етіп, келесі жылғы көктемде қой төлдету науқаны қарсаңында совхозға аман-есен оралды. Мал шығыны болған жоқ. 1967 жылы совхоз орталығынан ОЩ-60 жобасы мен совхоз әкімшілігінің кеңсесі, сегіз жылдық мектеп пен мектеп жанындағы жатақхана, 1968 жылы тұрғын үй есебінен ауылдық клуб, 20 жүк мәшинесі сыйатын авто гараж салынып бітіп пайдалануға берілді. Сегіз жылдық мектеп 1967-68 оқу жылын 154 оқушы мен бастады. Мектеп директоры болып, Мүтиғолла Темірханов, оқу ісінің меңгерушісі болып Жаңылсын Байғалиева еңбек етті. Мектеп жоғары білікті мұғалім кадрлар мен толыға бастады. Жаңыл Дәулетова, Күнипа Валиева, Сағадат Айсина, Ұзақбай Рахматуллин, Ерсайын Сапаров, Рая Өтеғалиева, Қазина Нұрмақова, Мүгілсім Дүйсенғалиева сынды өзгеде мұғалім кадрлар мектеп ұжымын қалыптастыруға себепші болды.

1968 жылғы тамыз айында аудан басшысы Кенжебек Меңдәлиевтің көмегімен совхоздағы ірі-қара мал табындарын асылдандыру мақсатында Чапаев ауданындағы «Аңқаты» асыл тұқымды мал заводынан 10 бас асыл тұқымды аталық бұқа малдары сатып әкелініп, ерекше күтімге алынды. Әкелінген асыл тұқымды малдарды Кенжеқаң өзі айына екі рет келіп тексеріп тұрды. Аталық малдар кесте бойынша 10-15 күнге кезек пен сауын сиырлардың табынына қосылып тұрды. 4-5 жылда совхоздың ірі-қара малдары қазақтың ақ бас сиырына айналды. Етке тапсырылатын өгізшелердің бір басының тірілей салмағы 400-450 кг болды. Совхоз 1968 жылды 430 мың сом таза пайдамен аяқтады. 1969 жылы совхоз еліміздің Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе, Гурьев облыстарына «Еділбай» қойының асыл тұқымды тоқты қошқарлары мен тұсақтарын, ал Алматы облысына 80 мың центнер табиғи мал азығы сатылды. Сол жылы совхоз бюджетіне 800 мың сом таза пайда түсіп, нәтижесінде шаруашылық облыстық ауыспалы «Қызыл Туды» және Мәскеу қаласында өткен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесіне қатысып, сыйлыққа «Москвич-412» жеңіл авто көлігін ұтып алды.

8-ші бес жылдықтың перзенті саналатын совхозымызда 1970 жылы 18000 бас қозы, 438 бұзау, 88 құлын болуға тиіс болса, бұзау саны 442, қозы 19430, құлыннан 108 бас төл алынып, жоспардағыдан бұзау 4 басқа, қозы 1430 басқа, құлын 20 басқа артық алынды. Етке тапсырылған 1 ірі-қараның салмағы 329 кг орнына 359 кг дейін, ал қой малы 40 кг орнына 45 кг-ға дейін ет беріп, бес жылдық ішінде шаруашылық мемлекетке 4329 центнер қой жүнімен 27939 центнер табиғи ет тапсырған. Алғашқы жылдарды совхоз 368204 сом таза пайдамен аяқтап, 1970 жылы совхозда 1887 ірі қара, 51347 қой, 545 бас жылқы болған. Шаруашылық жылма-жыл 130 мың орнына, 260 мың центнер пішен дайындау мүмкіндігіне қол жеткізген. Совхозда 1970 жылы 2 К-700, 27 ДТ-75, 64 Беларусь және 8 дән жинайтын тракторлары есепте тұрған.

Совхоз ірге көтерген 1966 жылы партия ұйымы есебінде 53 СОКП мүшесі бар болған болса, 1970 жылы коммунистер саны 84-ке жетті. Партия мүшелерінің 60-ы өндірісте қолдап жұмыс жасайтындар. 17-і шопан, 5 аға малшы, 21 механизатор, 15 білім қоғамының мүшесі, 10 саяси хабаршы, 3 үгітші халыққа қалтқысыз қызмет еткен. Алғашқы бес жылдықта совхоз бойынша 3538 шаршы метр тұрғын үй (112 үй), 8 жылдық мектеп, байланыс бөлімшесі, электростанция, радиоторабы, клуб, жатақхана 6800 басқа арналған қой қорасы, 360 бастық ірі қара қорасы, және басқа да әлеуметтік нысандар бой көтерген. Совхоз бойынша 210 түп ағаш көшеттері

отырғызылып, 11 малшы-шопан ауылы «Ильич» шамына 164 отбасы көгілдір отын (газ балон) пайдалану мүмкіндігіне ие болған. 1970 жылы аудан басшысы Кенжебек Мендәлиев «Қараөзен» совхозының директоры Айсағали Әбиевке аудан орталығынан совхоз есебінен екі қабатты типтік жобадағы Мәдениет үйін және совхоз орталығынан қос қабатты орта мектеп ғимаратын салдыру жөнінде арнайы тапсырма берді. Сол тапсырма негізінде совхоз басшылары Қазақстанның Ресейдегі тұрақты өкілі жерлесіміз Сәбит Жадановтың жәрдемімен Қазақ КСР-нің Жоспарлау комитетінің төрағасы Камал Кетебаевқа бірнеше мәрте хат жазып, екі жылдың ішінде жоба жасатуға қол жеткізді. Совхоз еңсе тіктеген алғашқы жылдарда ерен еңбектерімен көзге түсіп, социалистік жарыста көш бастаған аға шопандар Кәрімғали Төлеуғалиев пен Балдай Садырова, аға механизатор Қанат Камалов, «Еңбек Қызыл Ту», аға малшылар Мұқас Каримов пен Сағидолла Шайхиев, аға шопан Танзила Аралбаева, совхоз директоры Айсағали Әбиев «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды. Шаруашылық жаңадан еңсе тіктеген заманда Кәрім Шоқанов, Кенжеғара Шүкіров, Дәрмеш Қапаев, Сарбөпе Хайруллин, Қарабала Сейтқалиев, Сағынтай Қуатов, Әділгерей Мырзашев, Әділғали Хайырлиев, Жақып Әжіғалиев, Сапарғали Майхин, Нығмет Ғұмаров, Зинатқали Өтепбергенов, Қапитолла Төлебаев, Қадыр Сапаров, Ахат Мұқамбетқалиев, Ізғали Татпанов, Құмар Тапалов, Сабыр Дінішев, Сұлтан Ғұмаров, Сансызбай Сұлтанғалиев, сынды жастары зейнет жасына жақындаған қарттар, өмірден ерте кеткен Тілепбай Дүйсенғалиев, Өтеміс Құлбаев, Кәкім Байжұмашев, Мұқамбетқали Аманкулов, Жүсіпқали Дүйсенғалиев, Қадірәлі Ғазизов, Бақтығали Мелеков, Ғұбайдолла Ғилманов, Нығметолла Болаев, Бақтығали Ишанбергенов, Мұқас Халимуллин және комсомол комитетінің хатшысы болған марқұм Жақсылық Қазииуллин сынды азаматтар және кейін жұмыс бабымен басқа совхоздарға ауысқан бас инженер Қалес Есқазиев, бас бухгалтер Сағын Камалов, бас зоотехник Мұқамбетқали Аймағамбетов, бас мал дәрігері Қабдол Мұбаракөв, мал дәрігері Жасқалам Ибрашев, бас агроном Өмірзақ Тілепов, бас экономист Болат Хайруллин, Теміржан Исмағұлов, бөлімшелерде еңбек еткен Мұқи Хайретдинов, Жасет Төлегенов, Өтеген Айсағалиев, Уап Бегалиев, Жеңіс Жақыпов, Сағынтай Рахматуллин, Қадыр Айталиев, Нәмен Оразаев, Ишан Рысмағамбетов, Мүти Жармақов, Асылбек Қуатов, Болат Ақбисенов, Мұқсин Сарбөпин, Оқас Ишанбергенов және басқа да еңбек майталмандары мен мамандары табысты жұмыс жасады. 1968 жылы кәсіподақ комитетінің төрағасы болып, Серік Каримов, 1970 жылы Самиға Қибатова сайланса, 1971 жылы селолық кеңес төрағасы болып, Бердіғали Иманғалиев сайланды. 1973 жылы да совхоз өмірінде болған кадрлық өзгерістерге орай совхоз

директоры болып, Ғайса Сүйеуғазиев, партком хатшылығына Ұзақбай Рахматуллин сайланды. 70-80-ші жылдарда бас зоотехник лауазымын Тілекқабұл Қабасов, Қадірәлі Аябалиев, Асқар Мәулетов, Талап Исқалиев, зоотехник-селекционер Қуаныш Ғұмаров бас мал дәрігерлері Зайдолла Миханов, Темірғали Артығалиев, Мұқас Қарағойшин, Тауфих Айтұғанов, бас экономист Төлеуғали Қошаев, Ғалым Мырзалиев, Айбар Сатқанов бас бухгалтерлер Атауолла Дәулетяров, Ғұбайдолла Берғалиев, Лаура Аманғалиева, Меңдіхан Қадырбаев, кейінгі толқында Ибрагим Сдықов пен Қымбат Айтқалиева совхоз директордың орынбасарлары Мәннап Тәкесов, Амангелді Сисенов бас агрономдар Муса Омаров, Абай Батуллин, Серікқали Нығметов, Әнуар Наурызғалиев, Ғинаятолла Әлпейсов бас инженерлер Жәлел Арыстанғалиев, Якоп Имашев, Жәнібек Айдынов бөлімшелерге басқа совхоздардан Ермек Ділмағамбетов, Қожантай Ерешев, Жолдасқали Мағзиев, Серік Дүйсенов сынды сан-ондаған маман кадрлер келді. Фермаларда да кадрлық өзгерістер болып, ферма менгерушісі лауазымдарына Рухолла Каманов, Қыдырғали Қаберов, Молдабай Мұқанов, Шәпи Тұрсынғалиев, Ермек Мұқамбетов, Меңдіхан Салимов сынды азаматтар бекітіліп, совхоз фермаларына басшылық жасады. Совхоздың алғашқы директоры Айсағали Әбиев жобасын жасатқан Мәдениет үйі мен орта мектеп ғимараты Ғайса Сүйеуғазиев басшылық жасаған дәуірде салынып, бітіп пайдалануға берілді. 1976 жылы алғаш іргетасы қаланған Қараөзен ауылындағы орта мектептің ғимаратын салу үшін жерін 3 метр биіктікке дейін биіктетуге бір жылға жуық уақыт жұмсалды. Күрделі құрлысты №805 Фурманов аудандық жылжымалы құрлыс коллоносының (бастығы Мақсат Сәриев) Хамит Бисенғалиев басқарған құрлысшылар бригадасының қыз-жігіттері Мінаура Бабажанова, Сәуле Садықова, Рая Төкешова, Гүлбаршын Байдуова, Жазира Қарекенова, Қожантай Тасжанов, Петр Лещенский ғимаратты 1978-79 оқу жылына дейін сапалы аяқтап пайдалануға берді. Орта мектептің ашылу салтанатына облыстық партия комитетінің хатшысы Сатыбалды Тотанов, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Кенжебек Меңдәлиев Социалистік Еңбек Ері Қайша Миханова, Кеңестер Одағының батыры Ахмедияр Хусайынов, аудандық партия комитетінің хатшысы Сара Әшімғалиева қатысты.

Жалпақталдағы 470 орындық Мәдениет үйі де, 1983 жылы Қараөзен совхозының есебінен пайдалануға берілді. 1976-80 жылдар аралығындағы «Сапа мен тиімділіктің бес жылдығы» деп аталған X бес жылдықтың қортындысы бойынша совхоз біраз экономикалық табыстарға қол жеткізді. Қоғамдық мал өз төлі есебінен өсіп, ірі қара жоспардағыдан 400 басқа,

жылқы 40 басқа артық өсірілді. Мемлекетке 8,5-9 мың центнер ет, 1200-1250 центнер жүн тапсырылып, бес жылдықтың соңғы екі жылында 1000 центнер сүт сауылып, мемлекетке тапсырылды. Бес жылдықтың әр жылы орташа есеппен совхоз бойынша 8-10 шаңырақ жаңа баспанаға қол жеткізді. 1975-76 жылғы қоянның қытымыр қысында совхоздың Құбай Қабиев басқарған №3 фермасының еңбек ұжымы 20 орында мал қыстату барысын үлгілі өткізгені үшін аудандық партия комитеті мен аудандық кеңесі атқару комитеті белгілеген ауыспалы Қызыл Туды бірнеше ай бойына берік ұстады. Ферма еңбеккерлері 1977 жылы Фурманов ауданы бойынша саулық отарларын бағатын 144 шопанға әр 100 саулық қойдан 106 бастан қозы, әр қойдан 4,2 кг жүн алуды қамтамасыз ету жөнінде үндеу жариялап, сол жолы ферма шопандары әр 100-ге 120 бастан қозы алуға қол жеткізді. Ал №1 ферма шопандары 100-ге 112-ден №2 ферма қойшылары 100-ге 103 қозыдан алуға қол жеткізіп, совхоз бойынша орташа көрсеткіш 100 қойға 113 қозыдан келді. Пішен орағына келер болсақ: 1981 жылы жазғы маусымдағы шөп шабу науқанын тиімді ұйымдастырған №2 ферма пішеншілері екі мәрте, (ферма меңгерушісі Қ.Қаберов, бригадирі Қ.Оразов) №1 ферма пішеншілері бір мәрте (ферма меңгерушісі Р.Каманов бригадирі У.Үсенов) аудандық партия комитеті мен аудандық кеңесі атқару комитеті белгілеген ауыспалы Қызыл Туға ие болды.

Екінші тың қой шаруашылығын өркендетуге аса зор мән берілді. Қазақстандағы қой санын 50 млн-ға жеткізуді көздеген Семей облысындағы Шұбартау ауданы жастарының 1971 жылғы үндеуіне орай ауданымыздағы «Ақкөл», «Көктерек» совхоздарынан кейін 1976 жылғы қаңтар айында әуелі «Арай», кейін «Балауса» деп аталған қой өсірушілердің комсомол жастар бригадасы құрылды. Бригада орталығы №2 ферма орталығы Серік ауылы болып белгіленді. Бригадаға жас коммунист Зейнұр Байтілепов жетекшілік етті. Бригада құрамында 10 жас комсомол табысты еңбек етті. Олар: Адам Төлебаев, Аманжол Бекқалиев, Исатай Бекешев, Асқар Сәрсенов, Әлия Қарабалина, Балсұлу Көшәлиева, Айғаным Мәжитова, Нұрғаным Жапарова, Қадер Дауытов жолдастар. Комсомолдар бригадасына бір отар саулық пен екі отар еркек тоқты табыс етілді. Және әр 100 саулық қойдан 110 қозы алуға және әр қойдан 4 кг жүн, әр еркек тоқтыны 40 кг-нан мемлекетке етке өткізуге міндеттеме алып, жоспарларын асыра орындай білген. Кейін 1977 жылдан бастап «Балауса» деп аталған бригадаға әр жылдары Назгүл Кәрімова, Табылды Боранов сынды жас белсенділер жетекшілік етсе, Тұрсынғали Стамғазиев пен Кәрімғали Төлеуғалиев бригаданың әр жылдардағы ұстаздары болды. Балаусалықтар 1977 жылы өз

бағымдарындағы 1505 бас саулық қойдан 1837 бас қозы алуға қол жеткізді. Әр 100 саулық қойға 122 бастан қозы, әр қойдан 4,2 кг жүн алуға қол жеткізілді. 1981 жылғы мәліметтер бойынша жас шопандар бригадасында 4 мыңға тарта қой, 4 отар еркек тоқты, 1 отар саулық қой малы болды. Жас шопандар сонау соғысқа дейінгі және одан кейінгі жылдары «Николай аула» елді мекенінде тұрған К.Маркс колхозының аға шопаны Социалистік Еңбек Ері Әубәкір Есболлаевты, және 1947 жылғы 16 қыркүйек күні осы өңірден алғаш рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған К.Маркс колхозының аға шопаны Байғали Мәнтиевті және 70-ші жылдарда баласының жұмыс бабына байланысты Қараөзен совхозында тұрған Социалистік Еңбек Ері Қайша Миханованы үлгі тұтып, олардың ерлікке толы ерен еңбектерін алдарына ту қылып ұстай білген. 1976 жылы №3 ферманың аға шопаны Ахмедияр Қапсанов пен №1 ферманың қырықтықшысы, қой қыркудан төрт мәрте аудан чемпионы Мақсот Оразаевтың құрметіне аудан орталығында, ал 1983 жылы аға шопандар Ахмедияр Қапсанов пен Мағзом Қисетовтың аға жылқышы Тұрсынғали Байғалиевтің К-700 тракторын жүргізетін аға механизатор Темірболат Қабощевтің, аға сауыншы Мәриям Молдашеваның озат шофер Жақсылық Есқазиевтің құрметіне совхоз орталығында «Еңбек Даңқы» жалауы көтерілген. Аға шопан Ахмедияр Қапсанов 1977 жылы әр 100 саулық қойдан 157 қозы алып, облыс бойынша Камен ауданындағы Қазақ ССР-нің 40 жылдығы атындағы совхоздың аға шопаны Құттығали Қодаров (100-ге 160 қозы) пен біздің ауданымыздағы «Жұлдыз» совхозының аға шопаны, Социалистік Еңбек Ері Сағындық Ерешевтен (100-ге 158 қозы) кейінгі үшінші орынға шықты. Аға қырықтықшы Мақсот Оразаев 1 күнде 70-71 бастан, Мастура Сахметова 50-55 бастан қой қыркып, рекорд жаңғыртса, аға малшы Өтеғали Абдрахманов 100 сиырдан 104 бас бұзау алуға қол жеткізді. 1975 жылдан бастап Құлақ ауылы малшылар қалашығына айнала бастады. Бұрын 10-15 жерде мал қыстатып, мал шаруашылығындағы қарапайым әдіс пен жұмыс жасап келген совхоз малшылары 1975 жылдан бастап, Құлақтағы ірі қара табындарына арнап тұрғызылған мал қораларында мал қыстатуды қолға алды. 11 табында орташа есеппен 1700-2500 бастай ірі қара малдары әр шаруашылық жылы қыстатылды. Ірі қара малдарын сапалы мал азығы мен қамтамасыз етуде Сәбит Мухамбетяров жетекшілік еткен жем-шөп цехы операторларының қосқан үлестері қомақты. Олар күніне 90-120 центнер сабан шөпті сыйымдылығы 25 текше метр болатын екі кольценаторда нәрлендіріп беруді жолға қойды. Цехта Қанат Камалов, Асқар Хайруллин, Сағындық Байжанов сынды операторлар табысты жұмыс жасады. XI бес жылдықтың беташар жылы 1981 жылы аға малшылар Мұқас Каримов пен Сағидолла Шайхиев

жолдастардың бағымындағы етке тапсырылған әр өгізше 415-445 кг-нан ет беріп, шаруашылықтың экономикалық рентабельділігінің жоғарылауына себепкер болды. 1976-77 жылдары Жабайкин көлдігіне су шығару мақсатында Шахат-Жабайкин каналы қазылып, жобаны Фурманов аудандық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің мелиораторлар отрядының механизатор жігіттерінің күшімен қазылды. Жобалық құны 30 мың сом тұратын бұл жұмысты атқару кезінде совхоз «Жабайкин» көлдігінен жылма-жыл 10-12 мың центнер табиғи мал азығын даярлауды көздеді. Каналдың өзенге түйісер басына секундына 500 текше метр су тартатын «СНК-500» маркалы 4 су сорғыш насостары орнатылды. Жабайкин, Темірастау бағытындағы шабындықтарды суландыруды көздеген бұл жұмыс алғашында 1500 гектар жерге су шығаруды көздеді. Осы жұмыстарды атқару кезінде насос станцияларының басында Нұрболат Өмірәлиев пен Жүсіп Жақыпов табысты еңбек етті.

Ауыл-аймақтың рухани өміріне де жаңаша рең жүгіре бастады. 70-80 жылдарда ауыл мәдениеті мен тазалығына көп мән беріле бастады. 1968 жылы совхоз әкімшілігінің кеңсесінің маңына Орал қаласынан алғаш болып 70 түп қара ағаш әкелініп, сол сәттен бастап ауылымыздың орталық паркінің негізі қаланды. Ұйымдастыру жұмыстары кезінде совхоз директордың орынбасары Қадыр Сапаров көп жұмыс атқарды. Нақты айтқанда 70-ші жылдардың басында жас тал шыбықтардың өсіп-дамуына кедергі келтіреді деген есеппен совхоз орталығындағы тұрғындардың 49 бас ешкі малын жинатып алып, аудандық ет комбинатына тапсыртып жіберді. Мұның өзі ауыл-елге деген жанашырлық, әрі болашақ үшін тал қалдыруды көздеген дана адамның әрекеті. 70-ші жылдардың ортасынан бастап совхоз орталығында көше комитеттері құрыла бастады. Ауыл-селоның тазалығы мен мәдениетін бақылайтын қоғамдық ұйымдарға кітапханашы Жамал Ғабдолова, дүкенші Мәрзия Қабощева, киномеханик Үнзила Куманова басшылық жасады. Сол кезеңде Қараөзен ауылынан Қадыр Сапаров пен Шаймардан Қаматаевтың Құлақ елді мекенінен Ораз Бекешевтің үйлері және малшы-шопан қыстақтарынан Мағзом Қисетов, Хамидолла Көшәлиев, Ахмедияр Қапсанов, Ғилмұқан Ғабдуллиндердің тұрғын үйлері «ең таза» аулалардың санатынан табылды. Село тұрғындары үй маңдарына тал-теректер мен жеміс ағаштарын отырғыза бастады. Совхоз кітапханашысы Жамал Ғабдолова кітапханада оқырмандар мен бірлесе отырып, «Малшы еңбегіне ел риза», «Совхозымыз 10 жылда», «Озат тәжірибе барлық малшыларға» және «Балауса» қой өсіруші комсомол жастар бригадасында Серік ауылдық кітапханашысы Ұлболсын Сатқанова мен бірлесе отырып,

«Малшылар сіздер үшін» деген тақырыпта кездесу кештерін ұтымды ұйымдастыра білді. Баласының жұмыс бабына байланысты өмірінің соңғы уақытын Қараөзен ауылында өткізген Социалистік Еңбек Ері Қайша Миханова әжеміз бен кітапхана да, мектепте кездесу кештері тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрды. 1978 жылы 1967 жылы ОЩ-60 жобасы мен салынған сегіз жылдық мектеп үйі балабақшаға айналдырылып, 1980 жылы совхоз орталығынан жаңа типті селикат таспен қапталған монша салынды. №3 ферманың орталығы Жас ауылынан 1975 жылы сегіз жылдық мектеп пен жатақхана, 1977 жылы магазин мен монша, 1981 жылы ауылдық клуб салынып бітіп пайдалануға берілді. Осы бағыттағы істер №1, 2 ферма орталықтары Шахат, Серік ауылдарында да жүзеге асты. 1978 жылы белгілі әнші Рашит Абдуллин ауылдық клубта жергілікті халыққа арнап концерт қойса, 1980 жылы ауданымызға өнер сапары мен келген «Отырар сазы» оркестрі совхоз клубында совхоз халқына арнап, шығармашылық концерт берді. Оркестрдің көркемдік жетекшісі, белгілі күйші Нұрғиса Тілендиевке совхоз дирекциясы, партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол органдары мәдениет ошағының алаңында ақ боз ат мінгізді. 1981 жылы облыстық филормония жанынан құрылған «Ән қанатында» ансамблі ұжымы совхоз клубында халыққа арнап концерт берді. Ансамблдің құрамында есімдері облысқа кеңінен танымал Мақсат Омарғалиев, Қанатқали Қожақов және басқа да өнер майталмандары болды.

«Қараөзен» совхозының директоры Ғайса Сүйеуғазиев ағамыз 80-ші жылдардың басында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мақсат Батыров пен аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы Қашқынбай Оразғұлов жолдастар мен бірлесе отырып, Жалпақтал өңіріне табиғи газ желісін тартқызуға көп күш жұмсады. 1981 жылғы 22 маусым күні Фурманов ауданына жұмыс сапары мен №430 Фурманов сайлау округінен Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, Қазақстан КП Орталық комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі А.П.Рыбников жолдас келді. Мәртебелі миман мен аупарткомде болған кездесуде совхоз директоры Фурманов селосы мен «Ақкөл», «Қараөзен», «Красный Партизан» совхоздары орталықтарына аудан жерінен өтіп жатқан Орта-Азия Орталық магистралды газ құбырынан газ алуға көмек беруін өтініп, сөз сөйледі. А.П.Рыбников бұл мәселенің КСРО-ның Мемлекеттік жоспарлау комитеті арқылы шешілетіндігін айтты. Газдандыру жұмыстарына табанды түрде кіріскен шаруашылық басшысы 1982 жылы бас прораб П.Айдынов екеуі Саратов, Мәскеу қалаларына іс-сапарға барып, Қазақстанның Мәскеудегі өкілі жерлесіміз Сәбит Жаданов арқылы Жоспарлау комитетінен рұқсат алуға қол

жеткізеді. Сол заманда таптырмайтын АГРС , ГРС материалдарын Куйбышев қаласындағы орыс достары арқылы Ростовтағы Дон қаласынан алуға қол жеткізеді. Жобаны жүргізу кезінде Қорған қыстағының маңынан болашақта Жас ауылына газ кіріп жатса қажет болар деген болжам мен газ краны қалдырылды. Қазіргі таңда облысымыздың ауыл-аудандары 92 % табиғи газ желісіне қосылды. Ал газ тартылмаған 8 % ауыл-аймақтың ішінде Жас ауылы да бар. Жасқа газ тартылатын күн туса 80-ші жылдарда жасалған жобаның тигізер септігі молынан болары айдан анық.

70-80 жылдарда еңбек майталмандары да сый-құрметсіз болған жоқ. Аға шопан Ахмедияр Қапсанов 1976, 85 жылдары екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен наградталып, 1981 жылы Қазақстан КП ОК-нің XI съезіне делегат болып, қатысып қайтты. «Құрмет Белгісі» ордені мен аға шопан Ғилмұқан Ғабдуллин, аға механизатор Байтұрсын Қонысбаев, №1 ферма меңгерушісі Рухолла Каманов наградталған болса, III-Дәрежелі Еңбек Даңқы ордені мен аға малшы Ғалымжан Ахметжанов, аға шопандар Мағзом Қисетов, Қайыржан Жантасов, Мүслима Тойғожина, Қасым Каримов, аға механизатор Темірболат Қабошев наградталды. Аға шопандар Жәди Бисекенов пен Асылбек Қуатов Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс және қола медалдарын иеленді. 80-ші жылдардың басында қолдап жасайтын өндірістік жұмыстардың 80 пайызын 30-ға дейінгі жастар атқарды. Жас механизаторлар Қайырғали Ғабдошев, Сәуле Халиуллина, Ғ.Ғайсин, Күнтуған Өтешев, Серікбай Ахметов, Мұрат Дүйсенов, Руслан Оразов, Қуаныш Қонысбаев, Теміржан Жиешев, Әлімжан Төлеуғалиев, Алмас Бисекенов, жас сауыншылар Фарида Абдрахманова, Айғаным Жармағамбетова, Жұмағаным Исаева, Алма Төлеуғалиева, жас шопандар Нәсиболла Аралбаев, Жұмағаным Наурызова, Ұмсынай Сұлтанбекова, Үміт Көшәлиева жас жылқышы Бақыт Нұрмұқанов жас шоферлер Тұрарбек Татпанов, Тілеміс Ғазизов, Хамидолла Ишанбергенов, Ибрагим Идилов, Шайдолла Ғабдуллин, Нұрлыбек Дүйсенов, Мұқас Жумин, Серік Нағымов, Талғат Садиров, Өмірбек Мәжитов, Роман Қалекенов, Нұржан Оразов, Асылбек Ибрашев, Нұрлан Сапахов, Ербол Ихсанов, Қанат Сатыбалдиев, жұмысшылар Сүлеймен Спандияров, Биғали Дүйсенғалиев және фермаларда еңбек еткен арнаулы орта білімді мал мамандары Зейнолла Ишанбергенов, Табылды Боранов, Талғат Есниязов, Қайырлы Сәрсенов, Мерхан Халимуллин, Азамат Абуғалиев, Сапиолла Бұзаубақов жолдастар айбынды еңбек етті. 1976 жылы 15 жас, 1981 жылы 14 жас совхоз есебінен түрлі оқу орындарында оқыса, 1976 жылдың өзінде 45-тен астам жастар түрлі оқу орындарын аяқтап, совхозға келді. 1984 жылғы көктемде №2 фермаға

қарасты «Сейт» қыстағында «Жадыра» атты жас сауыншылардың комсомол жастар бригадасы құрылып, оған аға малшы Сағынгерей Дәуленов жетекшілік етті. Қарамағында Фарида Абдрахманова, Жұмағаным Исаева, Ұмсынай, Салтанат Сатыбаевалар сиыр сауды. 1984 жылғы есеп бойынша совхозда 3037 бас ірі қара, 34100 бас қой, 680 бас жылқы малы болды. 80-ші жылдар да Халел Байтілепов, Жәди Бисекенов, Тілеп Өтебәлиев, Мәжит Ізмағамбетов, Хамит Жаданов, Дәулеткерей Сембиев, Темірғали Дүйсенов, Жәлел Тапалов, Мүсірғали Мұқышев, Базарбай Мұбаракөв, Абдрахман Айтқалиев, Бақтығали Тойғожин, Құбай Қабиев, Мұстақап Стамғазиев, Ғайниден Нәсенов, Наурызғали Ибатов, Ғалым Мырзалиев, Қанатқали Абуғалиев, Қабекен Наурызов, Бөрібай Иманғалиев, Демеу Ризуанов, Ұзақбай Рахимов, Тұрсынғали Стамғазиев, Қайырлы Тәутекөв, Қанат Камалов, Серік Кәрімов, Қапаш Кіштанова, Мәриям Жұмақашева, Бәтес Боранова сынды сан-салада жұмыс жасаған еңбек майталмандары зейнеткерлікке шықса, Мүтиғолла Сапахов, Ғиният Жұмақашев, Құрманғали Шәңгереев, Атауолла Дәулетяров, Әдиет Жұмабаев, Хамидолла Көшәлиев, Қанатқали Ибрашев, Ғарифолла Сахметов, Сәбит Мухамбетяров, Батырғали Молдашев, Сақыпкерей Төлеуғалиев, Құспан, Михан Таялиевтер, Баймырза Қонысбаев, Әнуар Наурызғалиев, Өмірзақ Ғұбашев, Асылбек Байжұмашев сынды еңбек майталмандары өмірден өтті. Совхозда кадрлық өзгерістер де болып жатты. 1979 жылы кәсіподақ комитетінің төрағалығына Сағын Қақбаев, 1980 жылы селолық кеңес төрағасы болып Нәбиолла Мырзашев, 1983 жылы партком хатшылығына Сәндеш Өтеуова, 1984 жылғы 24 маусым күні совхоз директоры лауазымына Исатай Мәжитов келді.

1985 жылы елде «Қайта құру» процесі басталып, ісінен сөзі басым демагог саясаттың желі мықтап есті. Бұл кезеңде кадрлық өзгерістер көбірек орын алды. 1985 жылы партком хатшылығына Өмірзақ Тілепов, 1986 жылы совхоз директорлығына Алтынбек Мәженов, селолық кеңес төрағалығына Замир Шәкіров, 1988 жылы кәсіподақ комитетінің төрағасы болып Есіркеп Дүйсенов селолық кеңес төрағасының лауазымына Есқақ Төлеуғалиев, парком хатшылығына Болат Бекешев сайланса 1989 жылғы 25 маусым күні Бақтығали Қадыров «Қараөзен» совхозының директоры болып тағайындалды. Бақтығали Қисметұлы шаруашылықтың ең соңғы директоры. 1985 жылғы статистика бойынша совхозда 4000 бас ірі қара, 34700 бас қой, 556 жылқы 12 түйе, 82 трактор, 16 комбайн, 33 жүк көлігі, 7 жеңіл мәшине есепте тұрды. 1985 жылы №2 ферманың жас шопаны Үміт Көшәлиева ХІ шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланса, сол ферманың жас шопаны Жұмағаным Наурызова облыстық кеңестің депутаты

және облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. Ал №2 ферманың жас сауыншысы Фарида Абдрахманова мен №3 ферманың жас механизаторы Сәуле Халиуллина аудандық кеңестің депутаты және аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. 1990 жылы жазғы пішен орағы кезінде №2 ферма пішеншілері облыстық ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алды. Совхоз орталығынан жұмысшылар кооперациясы ашылып, Фурманов селолық тұтынушылар қоғамына деген тәуелділіктен мүлдем арылды. 1988 жылдан бастап жылдар бойына жоғалып, ұмыт болған «Наурыз» мейрамы қайта тойлана бастады, және сол жылы Фурманов ауданының 60 жылдық мерей тойы атап өтілді. Қос мерекеге совхоз халқы белсенділік пен қатысты. Аудан тойына совхоз 121 өнерпаздан тұратын шығармашылық концертін дайындап алып барды. Сол жолы жарияланған конкурстан совхоздар арасынан «Қараөзен» совхозы жүлделі бірінші орынға ие болды. Фестивалға дайындық кезінде совхоз басшылығы хор дайындау үшін режисер Нұрлан Шаканаев пен Нұрболат Малаевты, домбыра оркестрін дайындауға марқұм Қуаныш Жақыповты алдырып, дайындық жұмыстарын жүргізді. Сол жылы Қабиеттердің жанұялық ансамблі құрылды. Баян Қабиеваға совхоз орталығы Қараөзен ауылынан тұрғын үй беріліп, өзі Жалпақтал өнер мектебінің терме сыныбының мұғалімі қызметіне орналастырылды. Осындай өнер мен мәдениетке қамқорлық жасалған қыруар істің басы қасында совхоз директоры Алтынбек Мәженов пен партком хатшысы Өмірзақ Тілепов жүрді. Қазіргі таңда Баян апамыз Жалпақтал елінің атын әлем мемлекеттеріне танытқан аса дарынды өнер иесі. Қызы Жібек Болтанова Қараөзен орта мектебінің 1991 жылғы түлегі, филология ғылымдарының кандидаты, есімі Республикаға белгілі айтыс ақыны. Совхоз заманында Болат Бекешев, Жақсылық Қазииллин, Нәбиолла Мырзашев, Тілеген Ғиниятов, Ермек Жаданов, Рашид Шақу, Алма Төлеуғалиева, Ерғали Шайхиев, Жасұлан Ғұмаровтар жастар көшбасшысы комсомол комитетіне жетекшілік етсе, Күланда Аймағамбетова, Ақұлдаш Тілепова, Софья Күнтудаева, Клавдия Такбергенова, Қазира Иманғалиева, Аймырза Габдрахов, Балжан Сәрсенова, Бақытжамал Молдағалиева, Алма Мелекова, Ақмарал Таялиева, Қымбат Абдрахманова және тағы да басқа ақ халаттылар денсаулық сақтау салаларында абыройлы еңбек етсе рухани дүние кітапхана қызметінде Гүлбану Бекешева мен Балжан Ибатова табысты еңбек етті. Қазіргі таңда екеуі де зейнеткер. 90-шы жылдарда Сағидолла Шайхиев, Нағыт Нәсипов, Қайрат Мырзашев, Саміғали Аралбаев, Ермек Ділмағамбетов, Бақтыгерей Сәрсенов, Кенжеғали Дүйсенғалиев, Кәрімғали Төлеуғалиев, Шоқат Райсов, Қанатқали Мусин, Мұхтар Ермұханов, Байтұрсын Қонысбаев, Мағзом Қисетов, Бақтығали Садыров, Ғилмұқан

Ғабдуллин, Файзолла Сәрсенғалиев, Хайролла Әділгереев, Талап Иманалиев, Набиолла Халиуллин, Баймырза Дүйсенов, Талап Нұғманов, Серік Батыров, Мұқас Каримов, Ғалымжан Ахметжанов, Серік Жәрдемов, Мұқанғали Ибрашев, Есмұхай Жүсібәлиев, Шәмшия Халимуллина, Тұрсынғали Байғалиев, Нұрболат Қожыров, Ахмедияр Қапсанов, Шаймардан Қаматаев, Сұлтан Ермұханов, Нұрболат Өмірәлиев, Әнуарбек Сатыбаев, Қожантай Ерешев, Қабдол Оразов, Пішенбай Айдынов, Қожамұрат Ихсанов, Мақсот Мәженов, Рахым Нәсіпов, Мұхамбет Мұхтаров, Ақтай Айтқалиев, Қалекеш Абулхайыров, Асқар Ермұқанов, Төлеген Бисенғалиев сынды сан-салада еңбек еткен еңбек адамдары зейнеткерлік жасқа жетсе, Фазыл Сәрсенов, Нариман Кенжеғалиев, Өтеғали Абдрахманов Қанат Жұмабаев, Мүтиғолла Имашев, Нариман Галимов, Ғалым Мырзалиев, Жолдасқали Мағзомов, Болат Жұмабаев, Райс Бекмурзин, Өтебай Молдашев, Ибрагим Сдықов, Ермек Жакенов, Рухолла Каманов, Мұрат Жиешов, Муса Абдрахманов, Мақсот Ибрашев, Лаура Аманғалиева, Ерсайын Әбдіров, Зейнұр Байтілепов, Табылды Боранов сынды совхоз экономикасы мен мәдениетінің гүлденуіне үлкен үлес қосқан еңбек адамдары о дүниелік болды. 1990 жылы совхоздың жас шопаны Махамбет Қисетов ауданда алғаш болып, көктеректік Махатовтар мен бір мезетте фермерлік шаруашылық құрды. Өз бағымындағы 600 бас саулық қойларын түгелдей жекешелендіріп, аудандық «Агро Банк» бөлімшесі арқылы несие алды. Совхоздан өз алдына бөлек шаруа қожалығын ұйымдастырды. Жеке шаруға ерте қамданған фермердің жағдайы әлі күнге дейін қалыпты. Қазіргі уақытта мемлекеттік «Құлан», «Алтын асық», «Сыбаға» бағдарламалары арқылы несие алып, алдындағы төрт түлік малын асылдандыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр. 90-шы жылдар да Маркс Көшәлиев, Әлібек Стамғазиев, Әмірхан Байғалиев, Бейбіт Халимуллин, Талғат Ғабдуллин, Асқар Сәрсенов, Есенгерей Дәуленов, Сәбит Шәңгереев, Аманғали Шайхиев, Талғат Таялиев, Ерсайын Жұмабаев, Асылбек Ерембаев, Арман Нұғманов сынды басқа да жас малшы-шопандар бұрынғы аға буынның ізін жалғады.

Шаруашылық пен қатар мектеп, мәдениет ошағы, пошта, жұмысшылар кооперациясы сынды халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін салаларда халыққа абыройлы қызмет етті, етіп те келеді. Мектептерде Рафиқ Кенжеғалиев, Меңдіхан Калимов, Омар Ғабдрахов, Оқас Қойбағаров, Ғайни Зарипова, Қабош Темесов, Рая Қайырғалиева, Балым Мәжитова, Махамбет Карин, Еролла Ғұмаров, Замир Шакиров, Меңзипа Қаматаева, Ғылым Едекешев, Алтын Айтқалиева, Дайыр Сапаров, Еркін Ғазизов, Адам Имашев, Сапар Өтегенов, Баян Қабиева, Рахмет Нұрғалиев, Ғабдрашит Кенжеғалиев,

Зинеп Иманалиева, Қалампыр Карина, Әмина Рахимова, Ақсұлу Мырзашева, Жеміс Жүсіпқалиева, Қалима Бердәлиева, Орынша Түсіпқалиева, Меңдібай Иманғалиев, Талап Темірғалиев, Сәбира Мәжитова, Шолпан Төлегенова, Зинеп Молдашева, Нұрболат Тойғожин, Бауыржан Төлеуғалиев, Талғат Темірғалиев, Зәйлім Мәжитова, Ақкүріш Бекқалиева, Айгүл Мұқанғалиева, сынды өзге де шәкірт жүрегінен жол таба білген алдыңғы толқын ұстаздар еңбек етті, әлі күнге дейін еңбек етіп жатқандары да, бар. Орта мектепті 1980 жылы Зейін Айдынов, 1987 жылы Ақжарқын Темірханова, «Алтын медал» мен бітірген болса, Ұлттық бірінғай тестілеудің қортындысы бойынша 2009 жылы Талшын Боранова, 2011 жылы Салтанат Халимуллина «Алтын белгі» иегері атанды. Халық шаруашылығының сан-саласында абыройлы жұмыс жасап жүрген мектеп түлектері де, баршылық. Пошта байланыс саласында Секен Матаева, Маржан Дүйсенғалиева, Айман Құспанова, Мәрзия Бекмурзина еңбек етсе, соңғы 15-20 жылға жуық уақыттан бері бұл қызметті Зәмзагүл Тойғожина абыройлы атқарып келеді. Шаруашылықтың қаржы-шаруашылық қызметінде Зайда Қарабалина, Катя Ермуханова, Ағиіс Қарабалина, Ұлғаным Қабиева, Бақыт Саткулова, Тойған Сағынғалиева, Дариға Бегәлиева, Ханшайым Мухамбетярова, Бақыт Хайруллин, Шафхат Жұмаев, Жамиға Байжұмашева жолдастар абыройлы жұмыс жасай білді. Құрыш білекті құрлыс саласында Төлеу Мұқамбетқалиев, Ұлғаным Есқазиева, Дауылбай Сәриев, Болат Нұрмақов, Есіркеп Дүйсенов, Ерғали Шайхиев, Нұрболат Камалов, Мұрат Дәулетяров және өзге де азаматтар абыройлы жұмыс жасады. Жану-жағар май бекетінде Ермек Сұлтанова, Салтанат Хайруллина, Серік Жұмақашев балабақша саласында Әмина Айдынова, Самиға Ақбаева, Күляш Миханова, Райхан Ақбаева, Күляш Жұмашева, Гүлбану Болаева, Салтанат Айтжанова, Мәриям Мухамбетярова, Меңсұлу Нұржанова, Ардақ Тілепова, Нұргүл Бекмулдина сынды әйел азаматшалар әр жылдары абыройлы еңбек ете білді. Соңғы 2000-шы жылдар шеңберінде зейнеткерлікке шыққан Исатай Мәжитов, Өмірзақ Тәутентегі, Сатқан Қалекенов, Мақсот Бекмулдин, Махамбет Габдуллин, Усағали Үсенов, Мұғалім Каримов, Михайл Молотков, Асқар Мәулетов, Мағжан Қисетов, Бақыт Хайруллин, Амангелді Төребаев, Амангелді Сисенов, Тілеген Хайырлиев, Жүсіп Жақыпов, Жақсылық Есқазиев, Марат Қарабалин, Болат Бекешев, Қуаныш Ғұмаров, Мақсот Оразаев, Ғиятолла Әлпейсов, Меңдіхан Салимов, Салауат Жұмабаев, Сағындық Байжанов, Қонақбай Қуантаев, Қадырғали Қабиев, Темірболат Қабощев, Жақсыбай Нұрмұқашев, Құсайын Габдуллин, Жұмағали Ғазизов, Серік Ғилманов, Уәли Байтілепов, Баян Рамазанов, Тастанбек Иманғалиев, Амангелді Рахимов, Сағындық Қарекенов, Жұманияз Құспанов, Құрманай Стамғазиев, Амангелді

Жасмағамбетов, Оразай Асқаров сынды өзге де сан ондаған азаматтар зейнеткерлікке шықса, Тұрсынғали Байғалиев, Елеукен Аманкулов, Сатым Сәрсенғалиев, Өтепберген Нұрмұқашев, Нұғман Бекешев, Амангелді Сүйінішқалиев, Құрманғали Аманжолов, Құлеке Есқалиев, Еркін Шәкібаев, Нәбиолла Мырзашев, Жанұзақ Ғұбашев, Ермек Ұзақбаев, Талап Мутигуллин, Серік Саткулов, Сапарғали Ғиниятов, Серік Айтқалиев, Жұмабай Кенжеғалиев, Серік Дүйсенғалиев, Алтынбек Мәженов, Амангелді Иманғазиев, Жамбыл Өтебәлиев, Талап Сабырқұлов, Серік Дүйсенов, Шайдолла Габдуллин сынды өзге де еңбек майталмандары қайтыс болды.

Совхоз 1994 жылы ауыл шаруашылығы ұжымдық кәсіпорны болып қайта құрылып, 1997 жылғы сәуір айында мемлекеттік жекешелендіру саясатына байланысты таратылды. Шаруашылық тараған сәтте ауылдық округте 32 шаруа қожалығы құрылған болса күні бүгін 60-қа тарта шаруа қожалығы шаруашылық есепте тұр. Меңдібек Абуғалиев, Тұрарбек Татпанов, Сағындық Қарекенов, Махамбет Қисетов, Серік Дүйсенғалиев, Бақыт Сүйінішқалиева, Бауыржан Рысқалиев, Дулат Ихсанов, Сәуия Аралбаева, Аян Кенжеғалиев, Радим Райсов, Мирхан Асқаров жетекшілік ететін шаруа қожалықтары өзгелерге үлгі болып, көш бастап келеді. Түрлі бағдарламалар мен несие алу, мал асылдандыру, жаңа агрегаттар сатып алу жөнінен өзгелерге үлгі болуда. Ал Жанаргүл Жақсымбетова, Гүлсара Қуандықова, Күміс Төлеуғалиева, Гүлсара Қожырова, Гүлжан Кенжеғалиева жетекшілік ететін азық-түлік магазиндері мен авто көлік жөндеп, дәнекерлеу жұмыстарын атқаратын «Қуаныш» жеке кәсіпкерлігі тұрғын халықты күнделікті тұтынатын тауарлар мен қамтамасыз етуде, абыройлы жұмыс жасап жатыр. Шаруашылық тарап, экономикалық қиын қыстау сәттері етектен қысқан тар заманда марқұм Алтынбек Мәженов пен Нәбиолла Мырзашев ауыл әкімі қызметін атқарды. Ал 2001-2010 жылдары Меңдіхан Халимуллин Қараөзен ауылдық округінің әкімі болды. 2001 жылдан бастап ауыл әкіміне «Уаз» авто мәшинесі берілді. 1990-2000 жылдар басындағы нарықтық кедергілерден қираған ауыл тұрмысын көтеруді көздеген 2003-2005 жылдардағы «Ауыл жылдары» бағдарламасы қордаланған мәселелерді шешуге азда болса өз септігін тигізді. 2003 жылы Қараөзен ауылында малды қолдан ұрықтандыру пункті ашылып, ауылдық клуб 1 млн теңгеге жай жөндеуден өтті, және 90-шы жылдары жабылып қалған киноқондырғы қайта ашылды. 2005 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 20 млн теңгеге Қараөзен мектеп-лицейі күрделі жөнделіп, Жас, Серік елді мекендеріндегі ФАП мекемелері жай жөндеуден өтті. 2006 жылы Қараөзен мектеп-лицейі жанынан «Айгөлек» шағын орталығы ашылып, күні бүгінге дейін жұмыс

жасап келеді. Бұрын атауы болмаған Қараөзен ауылындағы 9 көшеге 2006 жылы көше аттары берілді. 2006 жылы Жас мектебіне облыстық қазынадан 12 млн теңге қаржы бөлініп, құлау қаупінде тұрған ғимарат күрделі жөнделді. 2008 жылы мемлекеттік «Таза су» бағдарламасы бойынша Қараөзен ауылында 2 жерге «Құлақ» елді мекеніне 1 жерге су колонкалары орнатылды. 2014 жылы Қараөзен ауылындағы «Тәуелсіздік», «Желтоқсан», «Қараөзен» көшелеріне қатқыл табанды жол төселді.